

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
80 жылдығына және философия ғылымдарының докторы,
профессор Молдабеков Жақан Жанболоұлының
70 жылдық мерейтойына арналған

«ҚАЗАҚТАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯ»

халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары



Материалы международной научно-теоретической конференции

«ҚАЗАҚТАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯ»,

посвященной 80-летию

Казахского национального университета имени аль-Фараби
и 70-летию видного ученого,

доктора философских наук, профессора
Молдабекова Жақан Жанболоұлы

Алматы 2013

Сейсенбаева Ж.А., Мырзаханова И.А. Интеллектуалды тұлға қалыптастырудағы мәдениеттің рөлі	258
Шашаева Г.Қ. Қазіргі инновациялық жағдайдағы білім берудегі Мәдени мұра және ондағы ұлттық мәдениеттің дамып қалыптасуының белгілері	262

**СЕКЦИЯ 4. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ
ЖОЛЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
КАЗАХСТАНСКИЙ ПУТЬ РАЗВИТИЯ И ДУХОВНОЕ ОБНОВЛЕНИЕ**

Аманжолова С.Б. Ш.Уәлихановтың қазақ руханиятындағы әлеуметтік-мәдени көзқарастары	269
Қасабек А. Кісілік дүниетаным және ұлттық рух.....	273
Ермекова Г.С., Нарботаева Д.Қ. Қазақтың рухани мәдениетіндегі ұлттық идея.....	278
Қартенбаева К.М. Өнер саласындағы ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеуде студенттің шығармашылық қабілетін дамыту	281
Mark Owen Webb Diversity, Hizmet and Hoşgörü: the Philosophical Foundations of the Gülen Movement.....	286
Қантарбаева Ж.О., Тұрманбетов А. М. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы руханилық пен ұлттық құндылықтар мәселесі	289
Құрманалиева А.Д., Датқа Ж.Д. Қазақтану: қазақ мәдениетіндегі тектілік	294
Көмекова М.О., Бөртебаева А. Мәдениет пен өркениет ұғымдарының айырмасы.....	300
Серікқызы М. Интеллектуалды ұлт мұраты	303
Жарас Сейітнұр – Индигендік психологияның қазақтанудағы рөлі.....	306
Садықова А.Т., Ким А.М. Стремление к духовному здоровью как условие успешной личности	313
Тастанкулов Е.С., Макарова Я.О. Духовное воспитание как фактор обогащения казахстанской молодежи.....	318
Байдлаева А.К. Национализм и язык.....	323
Сарсембина Қ.Қ. Әлемдік өркениет және қазақ мүддесі	327
Шамахай С. Монғолия қазақтарының рухани өміріндегі діни әдеп- жүйесінің ерекшеліктері.....	337
Тоқсанбаева Н.Қ., Тоқсанбаева А.Қ. Қарым-қатынас – адамның әлеуметтенуі мен тұлғалану сапаларын қалыптастырудың маңызды шарттары	343
Турысжанова Р.Ж. Традиция как феномен амбивалентности	347

Әзімбай Асиров, Үмітхан Сәрсенни	
Міржакып Дулатов мұрасы – казак мұраты	352
Кадыралиева А.М., Садыкова А.М.	
Религиозный экстремизм в Казахстане: причины и факторы	358
Шашаева Г.К. Қазіргі инновациялық жағдайдағы білім берудегі	
Мәдени мұра және ондағы ұлттық мәдениеттің дамып	
қалыптасуының белгілері	363
Ирина Колева	
«Теории, раскрывающие содержание и выбор методологии	
этносоциально-педагогических мониторинговых исследований:	
сравнительный анализ по странам европы»	370
Кусаинов А.С.	
Родина в незаконченной личной истории. Истоки патриотизма	376
Ә. Өмірбекова	
Тәуелсіздік және рухани мәдениет: мемлекет дамуының алғышарттары.....	377

«...жолы бар, бірақ жолдың аяғы жоқ» дегенімен, бірақ жолдар бар. Осылайша мен Хауа анис» нисесасында: «Адамзаттың денесінде Алла тағала төрт түрлі зат пайда етті. Бірі – ақыл, бірі– рух, бірі– нәпсі, бірі– көңіл. Нәпсіні оттан алды. Осы себепті кімде-кім нәпсінің жалынына түссе, оны машақат, зүрешілік айналдырады, акырында жазаға кіріптар болғанын білмей қалады»-[5, 56 б.] деп көрсетілген. Осы пікір Ақытқажы, Дөңтайөлеңдерінде де айтылған.

Мысалы, Дөңтай акын:

“Жолаушы қосын тартып қайтады үйге,
Бір күнгі жолаушыдай осы дүние.
Жалғыз жолғы сапарға қызығам деп,
Не деп жауап береміз екі биге.
Қызығы дүниенің көрер көзге,
Пайда жоқ ақиретте діннен өзге” – дейді. [6, 44 б.]

Дөңтай акын имандылықты адамға қымбат үш асылдың бірі ретінде қарастырса, Ақытқажы Үлімжіұлы имандылықты адам бойындағы ең жоғарғы асыл қасиет етіп бағалайды. Ол өзінің «Қырық төрт назым» деген қырық төрт өлеңнің топтамасының бірінде:

«Иман жақын ақырда,
Ата-ана бауырдан.
Ахиретте не пайда,
Артта қалған ауылдан» [8, 46 б.] -деп түйіндейді.

Ақыт Үлімжіұлының тіпті абақтыда азап тартып жатып, бұл фәниден өтерінде артта қалған халқына қара сөзбен ақтық төрт өсиетін жолдайды. Бұл ақтық төрт өсиетте қазақтың бөтен елде өмір сүріп жатқан диаспоралық күй кешуіндегі ең қажетті негізгі рухани құндылықтарды көрсете отырып рухани кемелдікке шақырады. Әсіресе, (төртінші өсиетінде) дүниенің жалған екендігін, өмірде қасіретке құлаудың, қуанышқа шаттанудың бәрі алдау екенін айта келе жүрек түбіне үніліп, хақиқат ақылға таңдау беруді тапсырады.

Қорыта келсек, Моңғолия қазақтарының рухани өміріне Ақыт Үлімжіұлы, Дөңтай Қожамбетұлы сынды акын, ел ағалары өз шығармалары арқылы елеулі әсер етіп, әрдайым бұл фәни дүниенің қызықтарының соңына түсіп, жетегіне кетуден сақтандырып отырды. Олар өздерінің шығармаларымен, ерең еңбектерімен, адал қызметтерімен халқының рухани қажеттіліктерін өтеумен бірге өзіндік діни жүйесін жасай алды. Олар орнатқан діни жүйе әрдайым адамдарды күнделікті тіршілікке бой алдырып, адалдық пен арсыздықты шатастырып, рух тазалығын жаман мінездердің құрбаны етуден қорғап келді.

Әдебиеттер:

1. Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі. Астана 2005. 108, 111, 117, 906б.
2. Үлімжіұлы А.. Ғахылия. //Құрастырған Ш.Рахметұлы //Баян-Өлгий 1994 – 10, 14 бб.

3. Мәлімов Т. Тіпесінен құрпайтұрған. Алматы, 1997. 100 бет.
4. Адамның Жиналған Жүрегі туралы. А. Мәулен, Р. Шынай. Әліби, 1999. 34-46 б.
5. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. Алматы, 1997. 29-50 б.
6. Қожамбетұлы Д. Шығармалар жинағы. Улаанбаатар 2001 – 34-б.
7. Қазақтану өрісі Алматы, 2005 – 42-б.
8. Замана жыршылары. Моңғолия казак әдебиеті Өлгий, 1988 -145-б.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – АДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ МЕН ТҰЛҒАЛАНУ САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТТАРЫ

Тоқсанбаева Н.Қ.,

*ал-Фараби атын. ҚазҰУ профессоры,
психол. ғ.д.*

Тоқсанбаева А. Қ.,

*Абылай хан атындағы қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университетінің оқытушысы*

Қарым-қатынас – білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттың өзара әрекеттес болуы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы.

Өткен ғасырдың екінші жартысында психология ғылымының «мазмұндық орталығы» қарым-қатынас мәселесі болды. Бұл бағыттағы зерттеулер адам мінез-құлқының механизмдері мен заңдылықтарын, ішкі жан дүниесінің қалыптасуын терең талдау жасауға мүмкіндік берді. Осы кеңістікте В.М. Бехтерев, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Б.Г. Ананьев, М.М. Бахтин, В.Н. Мясисев және басқа да ресейлік ғалымдардың ғылыми зерттеулері кеңінен тараған. Аталмыш мәселеге байланысты ресейлік ғалым В.А. Горянина қарым-қатынасты – адамның психикалық дамуының, әлеуметтенуі мен тұлғалануының, жеке бас сапаларының қалыптасуының маңызды шарты, адам өміріндегі ең маңызды әлеуметтік қажеттілік және аталмыш қажеттілік өз дәрежесінде өтелмесе, жеке тұлғаның қалыптасуы бәсеңсиді, тіпті кейде тоқтап қалуы да мүмкін деп көрсетеді.

Адамның әлеуметтік қажеттіліктерінің бірі – қарым-қатынас. Яғни қарым-қатынас қажеттілігін өтей отырып, адамдар өзара әсерлену, әрекеттесу, өзара ақпарат алмасуды жүзеге асырады. Өзара әрекеттесу мәселесіне бүгінгі таңда философтар, психологтар, педагогтар ерекше мән беріп, әр қырынан зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Мәселен, оның философиялық негізін ТМД ғалымдары (Библер В.С., Бахтин М.М., Батищев Г.С., Каган М.С., Фролов И.Т., Маталина Т.А., Ламм А.А.); республикамыздың ғалым философтары (Әбділдин Ж.М., Әбішев Қ.Ә., Нұрланова Қ.Ш., Қасабеков А., Кішібеков Д.); психологиядағы қарым-қатынастың әлеуметтік зерттеулері төңірегінде (Буева Л.П., Леонтьев А.А., Парыгин Б.Д.); тұлғаны дамытудағы қарым-қатынас мүмкіндіктеріне қарай (Ананьев Б.Г., Бодалев А.А., Божович Л.И., Кон И.С., Теплов